

«Бекітемін»
«Балдәурен» бөбекжай-бағабакшасының»
менгерушісі:  М.Бузаубакова



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Тобы: « Бәйтерек» ересек тобы

Балалардың жасы 4-жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта,кезекпен),төмен түсіру. қолдарын арқасына апару; қолдарды төмен түсіру,белге қою,кеуде тұсына қою,қолдарын алға-артқа сермеу,қолды иыққа қойып,шынтақтарын бүгіп қолдарын айналдыру. Кеудеге арналған жаттығулар Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; . Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату Негізгі қимылдар: жүру. , Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру Жүгіру Аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп,адымдап жүгіру Еңбектеу,Өрмелеу 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша,көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу. Лақтыру,домалату,қағып алу; Заттардың арасымен доптарды,құрсауларды бір-біріне домалату,заттарды қашықтыққа лақтыру.(3,5-6,5 метрден кем емес) ырғақтық жаттығулар. Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Спорттық жаттығулар Велосипед тебу,үш дөңгелекті велосипед тебу,оңға,солға бұрылу. Дербес қимыл-белсенділігі Балалардың доптармен,қозғалатын ойыншықтармен,құрсаулармен ойындарын қолдау Салауатты өмір салтын қалыптастыру

	Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Сауықтыру шаралары Шынықтырудың барық түрлерін, жалпы және жергілікті су шааларын жүргізу. Дымқыл шүберекпен сүргіну, аяқтарды, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, . Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, әңгімеге қатысуға баулу.
Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды дамыту. Сөздік қор Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарын атау дағдыларын қалыптастыру Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қоюға білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету
Математика негіздері	Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, Сан, санау. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атауды үйрету Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы

		түсінік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру Бала, оның отбасы, үйі: Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеуге үйрету Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Байланыс және қозғалыс құралдары Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру Еңбекке баулу Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға үйрету. Менің Отаным Қазақстан Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Жолда жүру ережесі Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ,) кеңейту. Өсімдіктер әлемі Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Жануарлар әлемі Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.	
	Құрастыру Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан	

		бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру,
	Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулуды қалыптастыру.
	Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.
	Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Жалпы дамыту жаттығулары Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қол білектерін айналдыру. Кеудеге арналған жаттығулар Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Негізгі қимылдар: Жүру. сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру Секіру Бір орнында тұрып, қос аяқпен секіру Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Сапта тұру Сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру Ырғақты жаттығулар Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындауды жалғастыру Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Мәдени гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өз-өзіне қызмет ету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Арикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор. Заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде сан есімдерді ретімен атауға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.

	Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
	Қазақ тілі	Тілдің дамытушы орта Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлеу білуді дамыту Сөздік қор. тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білу.
	Математика негіздері	Сан, санау сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Шама Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруды үйрету Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Заттық әлем Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Байланыс және қозғалыс құралдары Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Еңбекке баулу. берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.

	Адамгершілік және патриоттық тәрбие Балалардың айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Менің Отаным-Қазақстан Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жолда жүру ережесі Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну Өсімдіктер әлемі: Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Жануарлар әлемі Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, Қағаздан құрастыру. «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.
Мүсіндеу	Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру
Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды киюды үйрету. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау)

		жалғастыру. Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыруды (ре-си бірінші октава шегінде)жалғастыру Музыкалық-ырғақтық қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыруды жалғастыру.
--	--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	Жалпы дамыту жаттығулары Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп екі жаққа бұрылу. Кеуде жаттығулары Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату Аяққа арналан жаттығулар Қатарынан (4–5 рет) жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Негізгі қимылдар: Жүгіру сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру Еңбектеу, өрмелеу. Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу, Лақтыру, домалату Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2-2,5 метр қашықтықтан) 1,5 метр қашықтықта тігінен қойыуға (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қимылды ойындар Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту Дербес белсенділігі Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Сауықтыру шаралары Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін, түрлі жолдармен жүру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту, ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға баулу Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету. Затты, суретті өз бетінше қарап

		сипаттауға үйрету
Көркем әдебиет		Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру.
Қазақ тілі		Тілдік дамытушы орта Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу Сөздік қор. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелері, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Математика негіздері		Сан, санау Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету Шама екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, Кеңістікті бағдарлау Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен)
Қоршаған ортамен таныстыру		Бала, оның отбасы, үй. Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Заттық әлем Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу Байланыс және қозғалыс құралдары Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою. Адамгершілік және патриоттық тәрбие

	Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу Жода жүру ережелері Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды)
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жалғастыру
Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.
Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындауды қалыптастыру
Музыка	Музыка тыңдау Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, Ән айту Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
желтоқсан	Дене шынықтыру	Жалпы дамыту жаттығулары Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Кеудеге арналған жаттығулар Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяққа арналған жаттығулар Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшеі айналдыру. Негізгі қимылдар: Жүру Бағытты және қарқынды өзгертіп жүру Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру Тепе теңдікті сақтау Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу, қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Еңбектеу, өрмелеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу Секіру 2-3 метр қашықтықта алға ұмтылып қос аяқпен секіру Сапқа тұру. бір-бірінің жанына және шеңберге тұру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Салауатты өмір салтын қалыптастыру «Денсаулық зор байлық» сөзінің мәтінін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын алуға болатынын түсіну. Өз-өзіне қызмет көрсету Киімдерін жинау, бүктеу ілу, ересек көмегімен оларды тазалау, құрғату.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру, сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Сөздік қор. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Түрлі балалар әрекеттерінде бейнеленген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға үйрету.

Көркем әдебиет	Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулуды жалғастыру Сөздік қор. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру. (қойшы, жылқышы, түйеші, сиыршы) аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру Байланыстырып сөйлеу Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын қайталап айтуға баулу
Математика негіздері	Жиын Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуге үйрету. Шама екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру. Геометриялық фигуралар геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуге қалыптастыру
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Заттық әлем. телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Еңбекке баулу. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б. Менің Отаным – Қазақстан Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеуді жалғастыру Жолда жүру ережелері Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.

	Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуды қалыптастыру
Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жалғастыру
Сурет салу	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды жалғастыру. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруді жалғастыру.
Жапсыру	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, Ән айту Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру,

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау Қолдарды әр-түрлі қалыпта ұстап, еденнен 20-25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан аттап өту Еңбектеу 50 см биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу Секіру. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Лақтыру Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта). Жалпы дамытушы жаттығулар Кеудеге арналған жаттығулар Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу, және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу Салауатты өмір салтын қалыптастыру Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Фонематикалық естуді дамыту. белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету. (отыр, жүр, жүгір) Байланыстырып сөйлеу Түрлі балалар әрекеттерінде бейнеленген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға үйретуді жалғастыру..

Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сөйлеу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін, интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулуды жалғастыру Сөздік қор Төрт түлі иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру
Математика негіздері	Шама салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Геометриялық фигуралар сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кеңістікті бағдарлау Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оның отбасы,үй Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Заттық әлем Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбекке баулу. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Жолда жүру ережелері Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.

		Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қаппақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.
	Сурет салу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
	Жапсыру	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.
	Музыка	Музыка тыңдау музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), Ән айту Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету Билер би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар Жүгіру Түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу Секіру Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) 4-5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40-50 см) секіру. Лақтыру, домалату, қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); Сапқа тұру Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу, оңға, солға бұрылу, орнында айналу араларын алшақ ұстау және жақын тұру Жалпы дамытушы жаттығулар Кеудеге арналған жаттығулар Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Аяққа арналған жаттығулар Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру Спорттық жаттығулар Мұз жолмен өз бетінше сырғанау Дербес қимыл белсенділігі Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту Салауатты өмір салтын қалыптастыру Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) үйрету. Тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға баулу

	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға үйрету.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу Сөздік қор Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Байланыстырып сөйлеу Өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету
	Математика негіздері	Жиын Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуге үйретуді жалғастыру Сан санау теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шама Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру Адамгершілік және патриоттық тәрбие Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Жолда жүру ережелері Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау Өсімдіктер әлемі Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру.

	Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдауды жалғастыру. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
	Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыруды жалғастыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды қалыптастыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру
	Жапсыру	Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу
	Музыка	Музыка тыңдау жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), Ән айту Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, Билер билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау,

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар Кеудеге арналған жаттығулар Қолына зат ұстап,шалқасынан жатып,қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын,басын,қолдарын алға созып көтеру. Аяққа арналған жаттығулар Түрегеліп тұрып,аяқтың бақайларымен орамалдарды,тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып,басқа орынға ауыстыру. Негізгі қимылдар Жүгіру 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Еңбектеу,өрмелеу Бөрене және гимнастикалық скамейка аттап өту Секіру 20-25 см биіктіктен секіру,орнынан ұзындыққа (шамамен 70см) қысқа секіргішпен секіру Қимылды ойындар Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып,ағзаға түсетін салмақты реттеу. Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру Тарақты,қол орамалды пайдалана білуге бекіту Сауықтыру-шынықтыру шаралары Қимылдауға ыңғайлы,жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор Тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйретуді жалғастыру (отыр, жүр, жүгір және т.б.). Байланыстырып сөйлеу балалар әрекеттерінде бейнеленген суреттері,бұйымдары бойынша әңгіме құрастыруға баулуды жалғастыру..
	Көркем әдебиет	еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
	Қазақ тілі	Сөздік қор Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды,үзілістерді,логикалық екпінді қолданып,мәнерлеп айтуға баулу

	Тілдің грамматикалық құрылымы Үлгі бойынша жай,жайылма сөйлемдер құра білуге үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу Өз бетінше ретімен қайталап айтуға,өзінің тәжірибесіне сүйеніп,суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру
Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жалғастыру. Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктері (танертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Заттық әлем Қазақ халқының ұлттық киімдерімен,әшекейлерімен таныстыру. Жануарлар әлемі Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. Өсімдіктер әлемі Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Жолда жүру ережелері Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану,

		бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыруды жалғастыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.
	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік – қолданбалы өнере қызығушылықты дамытуды жалғастыру
	Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.
	Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.
	Музыка	Музыка тыңдау әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, Ән айту Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуды жалғастыру Билер Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Музыкалық аспаптарда ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар Жүгіру 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып 40-50 метрге жүгіру. Аяққа арналған жаттығулар Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Екі дөңгелекті велосипед тебу, оңға, солға бұрылу Қимылды ойындар Доптармен, секіргішпен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту Дербес қимыл белсенділігі Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Тыныс алу жолдарын шынықтыру
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрмен таныстыру. Қонақ күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Байланыстырып сөйлеу Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуды жалғастыру. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету
	Көркем әдебиет	еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыруды жалғастыру
	Қазақ тілі	Сөздік қор Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білу, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білу мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жәй және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша

		оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу
	Математика негіздері	Сан санау «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейтуді қалыптастыру. Шама Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоңыздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылдауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтауды жалғастыру. Менің Отаным-Қазақстан Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).
	Құрастыру	Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды жалғастыру.
	Сурет салу	Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін

		кеңейту.
	Мүсіндеу	Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Жапсыру	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
	Музыка	Музыка тыңдау қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, Музыкалық аспаптарда ойнау Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Билер шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту,

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	Дене шынықтыру	Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебуді. Оңға, солға бұрылуды жалғастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүрту, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүруді жалғастыру. Қимылды ойындар Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулуды жалғастыру, доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамытуды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйретуді жалғастыру. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекітуді жалғастыру. Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары. Өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинау, ілу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрмен таныстыру. Қонақ күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауды қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу Бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу, Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйретуді жалғастыру.
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) үйретуді жалғастыру.
	Қазақ тілі	Сөздік қор Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білу, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білу мүмкіндік беруді жалғастыру Байланыстырып сөйлеу Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулуды жалғастыру

Математика негіздері	Сан санау «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйретуді қалыптастыру Геометриялық фигуралар салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Уақытты бағдарлау «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Менің Отаным – Қазақстан Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеуді жалғастыру Өсімдіктер әлемі Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Жолда жүру ережелері Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).
Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Өткенді қайталау.
Сурет салу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулуды қалыптастыру.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас

		бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.
	Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Музыка	Музыка тыңдау қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдауды жалғастыру Музыкалық-ырғақтық қимылдар мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Музыкалық аспаптарда ойнау Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.